

Қазақстан Республикасының Семей облысындағы Бақыршық тау-кен бірлескен кәсіпорнын құру туралы "Минпрок-Чилевич, Лимитед компаниясымен жасалған келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 24 ақпан 1993 ж. N 145

Шетел капиталын тарту, тиімді экологиялық таза технологияны қолдану, жоғары рентабельді өндіріс құру негізінде Бақыршық алтын-мышьяк кен орнын игеруді жеделдету және аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасын шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Семей облысында Бақыршық тау-кен бірлескен кәсіпорнын құру туралы "Минпрок-Чилевич, Лимитед" (АҚШ) компаниясымен жасалған келісім бекітілсін.

2

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылған - ҚРҰ-нің 1996.12.14. N 1541 қаулысымен. P961541_

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақ КСР-інде алтын қорын және алмас қорын жасау туралы" 1991 жылғы 31 тамыздағы Жарлығына сәйкес Бақыршық тау-кен бірлескен кәсіпорны бірлескен кәсіпорнында шығарылған барлық алтынның көлемін республиканың Мемқоймасына тапсыруды көздесін.

4. "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 3 сәуірдегі "Алтын қоры және алмас қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу туралы" қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бақыршық тау-кен бірлескен кәсіпорнының шетелдік қатысушысымен олар өндіретін тазартылған бағалы металдар үшін есеп айырысуға жыл сайын республикалық бюджеттің шығыс бөлігінде валюта қаржысын қарасын.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің тапсыруы бойынша Бақыршық тау-кен бірлескен кәсіпорнының шетелдік қатысушысына олар Мемқоймаға тапсыратын бағалы металдар үшін төлемді бюджетте көзделген қаржының есебінен АҚШ долларымен жасау жөнінде тиісті операциялар жүргізсін.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1993.07.12. N 595 қаулысымен.

5. Бақыршық кен орнының рудасы мышьяк пен көміртек болуына орай берік екендігі және отандық технология бойынша тиімді өңдеу келмейтіндігі және осыған байланысты Бақыршық тау-кен бірлескен кәсіпорнының қызметіне "Шетелдің инвестицияларды пайдаланатын кәсіпорындар Заңының ("Қазақ КСР-індегі шетелдік

инвестициялар туралы" 1990 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақ КСР Заңына қосымша) 20 бабына сәйкес жеңілдіктер ала отырып өндіретін өнімдер мен көрсететін қызметтердің Тізбесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 26 маусымдағы Заңы қолданылатындығы еске алынсын.

6.

Ескерту. 6-тармақтың күші жойылған - ҚРҰ-нің 1996.12.14.

№ 1541 қаулысымен.

7. "Минпрок-Чилевич, Лимитед" (АҚШ) компаниясымен Келісімді әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы мүдделі ұйымдармен бірге 10 күн мерзім ішінде Қазақ Жағынан Бақыршық тау-кен бірлескен кәсіпорнының Басқарма мүшелерінің құрамын ресімдеп, Америка Жағына хабарлайтын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі